Бұйрық № 27 29.08.2024

«2024–2025 оқу жылына педагогикалық кеңес құрамын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, мектепке дейінгі ұйым Жарғысына сәйкес оқу-тәрбие процесін сапалы ұйымдастыру, педагогтердің кәсіби қызметін үйлестіру, білім беру қызметінің тиімділігін арттыру, тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуын қамтамасыз ету және педагогикалық кеңестің жұмысын жүйелі жүргізу мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. 2024–2025 оқу жылына арналған педагогикалық кеңестің келесі құрамы бекітілсін:

Педагогикалық кеңестің төрағасы:

Н.Д. Джубаниязова – балабақшаның меңгерушісі.

Педагогикалық кеңестің хатшысы:

Ә.О. Сихова -педагог-психолог

Педагогикалық кеңестің мүшелері:

Бөбекжай педагог қызметкерлері.

2. Педагогикалық кеңестің негізгі міндеттері:

2.1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарының орындалуын қамтамасыз ету.

2.2. Ұйымның жылдық жоспарын, білім беру бағдарламаларын, жұмыс жоспарларын қарау және бекітуге ұсыну.

2.3. Тәрбие-білім беру процесінің сапасына талдау жүргізу және оны жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу.

2.4. Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру, инновациялық педагогикалық технологияларды енгізу мәселелерін қарастыру.

2.5. Балалардың білім, білік және дағдыларын қалыптастыру нәтижелерін талдау.

2.6. Тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау және нығайту, қауіпсіз орта құру мәселелерін қарастыру.

2.7. Ата-аналармен (заңды өкілдермен) өзара іс-қимылды жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

2.8. Озық педагогикалық тәжірибені зерделеу, жинақтау және тарату жұмыстарын ұйымдастыру.

3. Педагогикалық кеңестің жұмыс тәртібі:

3.1. Педагогикалық кеңес жылдық жоспарға сәйкес өз жұмысын жүргізсін.

3.2. Педагогикалық кеңестің отырыстары тоқсанына кемінде бір рет өткізілсін.

3.3. Қажет болған жағдайда кезектен тыс педагогикалық кеңес отырыстары ұйымдастырылсын.

3.4. Педагогикалық кеңестің шешімдері хаттамамен рәсімделіп, орындауға міндетті болып саналсын.

3.5. Педагогикалық кеңес отырыстарының хаттамаларын жүргізу және сақтау педагогикалық кеңес хатшысына жүктелсін.

4. Педагогикалық кеңес хатшысына:

4.1. Педагогикалық кеңес отырыстарының күн тәртібін әзірлеуді;

4.2. Хаттамалардың уақытылы рәсімделуін;
4.3. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау мониторингін жүргізуді қамтамасыз ету тапсырылсын.

5. Әдіскерге:

5.1. Педагогикалық кеңес жұмысының жылдық жоспарын әзірлеуді;
5.2. Қаралатын мәселелер бойынша қажетті материалдарды дайындауды;
5.3. Педагогтердің әдістемелік қызметін үйлестіруді қамтамасыз ету жүктелсін.

6. Педагогикалық кеңестің барлық мүшелері:

6.1. Кеңес жұмысына белсенді қатыссын;
6.2. Қабылданған шешімдердің орындалуын қамтамасыз етсін;
6.3. Өз құзыреті шегінде оқу-тәрбие процесін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізсін.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме жүктелсін.

8. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

ЖК «Ақниет» «Ақ ниет»
балабақшасының меңгерушісі: Н.Д. Джубаниязова

Бекітемін
ЖК «Ақниет» «Ақ ниет» балабақшасының
меңгерушісі Н.Д. Джубаниязова

ЖК «Ақниет» «Ақ ниет» балабақшасының 2024-2025 оқу жылына педагогикалық кеңес жоспары

Мақсаты: бағдарламалық міндеттерді меңгеру бойынша оқу-тәрбие әрекетін жақсартуға мүмкіндік жасау.

№	Тақырыбы	Мақсаты	Мерзімі	Жауапты
1	Жаңа оқу жылының жаңалықтары мен жоспарлары	2024-2025 оқу жылының әдістемелік нұсқаулық хатымен танысу, талдау. Бөбекжайдың жылдық жұмыс жоспарын бекіту, 2024-2025 оқу жылы жұмысының негізгі бағыттарын, педагогикалық үрдісті ұйымдастыру ерекшелігін анықтау. Пән мұғалімдерінің ҰІӘ кестелерін, топтардың күн тәртібі мен жылдық жұмыстарын талдау, бекіту.	тамыз	Меңгеруші, әдіскер
2	Мектеп жасына дейінгі балалардың ойын әрекетін денсаулық сақтау технологиясы арқылы ұйымдастыру.	«Мектепке дейінгі ұйымында қолданылатын денсаулық сақтау технологиялардың тиімділігі» «Дене шынықтыру жолдары» Ұйымдастырылған іс әрекетінде дәстүрлі емес құралдарды қолдану	қараша	Меңгеруші, әдіскер
3	«Балалардың жас ерекшелігіне қарай бейнелеу өнері түрлерін қолданудың әдіс – тәсілдері».	«Бейнелеу өнері пәнін оқытуда балалардың шығармашылық қабілетін қалыптастыру» « Мектепке жасына дейінгі балаларды сурет салуға әр түрлі әдістерді қолдану арқылы бейнелеу өнеріне баулу әдісі»	қаңтар	Меңгеруші, әдіскер
4	«Бала тәрбиесіндегі заманауи ойындар»	Балаларға тәрбие мен білім беруде заманауи ойындар мен құралдарды қолдануға үйрету. ҰІӘ-терінде түрлі ойын элементтерін енгізіп, ойлау, есте сақтау, қабылдау, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Заманауи	наурыз	Меңгеруші, әдіскер

		ойындарды атап, ойнауға, тануға үйрету.		
5	«2024-2025 оқу жылы жүргізілген тәрбие мен оқыту жұмыстарының қорытынды талдауы. 2025 ж. жазғы уақытта өткізілетін жұмыстарды ұйымдастыру»	Оқу жылының қорытындысын шығару, 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс бағытын әзірлеу. Жазғы кезең жұмысын ұйымдастыруды талқылау, бекіту.	мамыр	Меңгеруші, әдіскер

№1 педагогикалық кеңес хаттамасы

Күні: «30» тамыз 2024 жыл
Отырыстың түрі: кезекті педагогикалық кеңес
Тақырыбы: «Жаңа оқу жылының жаңалықтары мен жоспарлары»
Қатысқандар:10
Қатыспағандар: 0
Педагогикалық кеңестің күн тәртібі:

1. 2024–2025 оқу жылындағы негізгі міндеттер мен жаңалықтар.
   2024–2025 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатпен танысу және талдау.
2. Бөбекжайдың 2024–2025 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын қарау және бекіту.
3. 2024–2025 оқу жылындағы жұмыстың негізгі бағыттарын және педагогикалық процесті ұйымдастыру ерекшеліктерін анықтау.
4. Пән мұғалімдерінің ҰІӘ кестелерін қарау және бекіту.
5. Топтардың күн тәртібі мен жылдық жұмыс жоспарларын қарау және бекіту.
6. Әр түрлі мәселелер.

Бірінші мәселе бойынша
Тыңдалды:
Педагогикалық кеңес төрағасы Д.Н. Джубаниязова сөз сөйлеп, 2024–2025 оқу жылында білім беру процесін ұйымдастырудың негізгі бағыттарына тоқталды.
Баяндамашы педагогтерді жаңа оқу жылындағы нормативтік-құқықтық және әдістемелік құжаттармен таныстырып, олардың талаптарын оқу-тәрбие процесінде басшылыққа алу қажеттігін атап өтті.
2024–2025 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хаттың мазмұны талданып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту процесін ұйымдастыруда тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерін ескеру, білім беру сапасын арттыру, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру, тәрбиеленушілердің шығармашылық және танымдық белсенділігін дамыту мәселелеріне назар аудару қажеттігі айтылды.
Сөз сөйледі:
Әдіскер Б.К.Нысанова – жаңа оқу жылында педагогтердің әдістемелік жұмыстарын жүйелі ұйымдастыру, ҰІӘ-ді сапалы жоспарлау, тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктерін ескеру және педагогикалық құжаттарды талапқа сай жүргізу жөнінде ұсыныстарын білдірді.
Тәрбиеші А.Е.Бектасова – топтардағы оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру барысында балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, ойын арқылы оқыту әдістерін тиімді пайдалану, балалардың белсенділігін арттыру және ата-аналармен бірлескен жұмысты жүйелеу қажеттігін атап өтті.
Пән мұғалімі Г.Р.Титеева – ҰІӘ барысында заманауи әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану, балалардың қызығушылығын арттыру және шығармашылық қабілеттерін дамыту бағытындағы жұмыстарын атап өтті.
Қаулы:

1. 2024–2025 оқу жылында білім беру процесін ұйымдастыру барысында қолданыстағы нормативтік-құқықтық және әдістемелік құжаттар басшылыққа алынсын.
2. Педагогтер әдістемелік нұсқау хатта белгіленген негізгі бағыттарды оқу-тәрбие процесінде жүзеге асырсын.

3. Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру және тәжірибе алмасу жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.
4. Әр педагог оқу жылына арналған жұмысын бекітілген жоспарға сәйкес ұйымдастырсын.

Жауапты: меңгеруші, әдіскер, педагогтер.

Мерзімі: 2024–2025 оқу жылы барысында.

Екінші мәселе бойынша

Тыңдалды:

Әдіскер Б.К.Нысанова бөбекжайдың 2024–2025 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын таныстырды.

Жоспарда оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру, педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру, әдістемелік жұмыстар, тәрбиеленушілермен жүргізілетін жұмыстар, ата-аналармен өзара ынтымақтастық, бақылау және талдау жұмыстары қамтылғаны айтылды.

Жылдық жоспардың негізгі мақсаты – мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын арттыру, тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуына жағдай жасау және педагогтердің кәсіби қызметін жетілдіру екендігі атап өтілді.

Сөз сөйледі:

Меңгеруші Н.Д.Джубаниязова жылдық жұмыс жоспарының мазмұнына тоқталып, жоспардағы міндеттердің нақты әрі жүйелі орындалуы қажеттігін айтты.

Тәрбиеші А.Б.Абдрешова жоспардағы тәрбие жұмыстарының мазмұны бойынша өз ұсыныстарын білдірді.

Қаулы:

1. Бөбекжайдың 2024–2025 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Жылдық жұмыс жоспарында көрсетілген іс-шаралардың уақытылы және сапалы орындалуы қамтамасыз етілсін.
3. Жоспардың орындалуына жауапты педагогтер белгіленген мерзімдерді сақтасын.
4. Жоспардың орындалу барысы педагогикалық кеңес отырыстарында қаралып, талданып отырсын.

Жауапты: меңгеруші, әдіскер, педагогтер.

Мерзімі: жыл бойы.

Үшінші мәселе бойынша

Тыңдалды:

Меңгеруші Н.Д.Джубаниязова 2024–2025 оқу жылындағы жұмыстың негізгі бағыттарына тоқталды.

Негізгі бағыттар ретінде тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, олардың дене, әлеуметтік-эмоциялық, коммуникативтік, танымдық және шығармашылық дағдыларын дамыту, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, ата-аналармен тиімді ынтымақтастық орнату және білім беру ортасын жетілдіру мәселелері қарастырылды.

Сөз сөйледі:

Әдіскер Б.К.Нысанова педагогикалық процесті ұйымдастыруда жүйелілік, сабақтастық, баланың жеке ерекшеліктерін ескеру және педагогтердің өзара тәжірибе алмасуы маңызды екенін атап өтті.

Қаулы:

1. 2024–2025 оқу жылындағы жұмыстың негізгі бағыттары бекітілсін.
2. Педагогикалық процесс тәрбиеленушілердің жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастырылсын.
3. ҰІӘ барысында ойын, зерттеу, шығармашылық және басқа да тиімді педагогикалық әдістер орынды қолданылсын.

4. Тәрбиеленушілердің қауіпсіздігі мен қолайлы психологиялық ортаны қамтамасыз етуге ерекше назар аударылсын.

Төртінші мәселе бойынша

Тыңдалды:

Әдіскер Б.К.Нысанова мұғалімдерінің 2024–2025 оқу жылына арналған ҰІӘ кестелерімен таныстырып, кестелердің топтардың күн тәртібіне, балалардың жас ерекшеліктеріне және оқу-тәрбие процесінің талаптарына сәйкес жасалғанын атап өтті.

ҰІӘ кестелерінің педагогикалық талаптарға сәйкестігі қаралды.

Сөз сөйледі:

Тәрбиеші Р.Б.Доскалиева – ҰІӘ кестелерін тиімді ұйымдастыру, балалардың шамадан тыс жүктемесін болдырмау және күн тәртібінің сақталуын қамтамасыз ету жөнінде ұсынысын білдірді.

Қаулы:

1. 2024–2025 оқу жылына арналған пән мұғалімдерінің ҰІӘ кестелері бекітілсін.
2. ҰІӘ кестесінің сақталуы қамтамасыз етілсін.
3. Қажет болған жағдайда кестеге өзгерістер қолданыстағы талаптарға сәйкес енгізілсін.
4. Кестенің орындалуын бақылау әдіскерге жүктелсін.

Жауапты: әдіскер, пән мұғалімдері.

Мерзімі: 2024–2025 оқу жылы.

Бесінші мәселе бойынша

Тыңдалды:

Тәрбиеші А.Е.Бектасова топтардың 2024–2025 оқу жылына арналған күн тәртібі мен жылдық жұмыс жоспарларын таныстырды.

Топтардың күн тәртібінде тәрбиеленушілердің қабылдануы, тамақтануы, серуендеуі, тынығуы, ойын әрекеті, ұйымдастырылған іс-әрекеттері және басқа да режимдік сәттер қарастырылғаны айтылды.

Топтардың жылдық жұмыс жоспарлары тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктері мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып жасалғаны талқыланды.

Сөз сөйледі:

Әдіскер Б.К.Нысанова топтардың күн тәртібін сақтау, режимдік сәттерді дұрыс ұйымдастыру және жылдық жоспардың сапалы орындалуын қамтамасыз ету қажеттігін айтты.

Қаулы:

1. Топтардың 2024–2025 оқу жылына арналған күн тәртібі бекітілсін.
2. Топтардың жылдық жұмыс жоспарлары бекітілсін.
3. Педагогтер күн тәртібінің орындалуын және жоспарланған жұмыстардың жүйелі жүргізілуін қамтамасыз етсін.
4. Жоспарлардың орындалу барысы әдіскер тарапынан бақылауға алынсын.

Жауапты: тәрбиешілер, әдіскер.

Мерзімі: 2024–2025 оқу жылы.

Алтыншы мәселе бойынша

Ағымдағы мәселелер:

Педагогтердің оқу жылына дайындығы, педагогикалық құжаттарды талапқа сай жүргізу, әдістемелік материалдарды жинақтау, кабинеттер мен топтарды жаңа оқу жылына дайындау, ата-аналармен жұмыс жүргізу және педагогтердің кәсіби дамуы мәселелері қаралды.

Қаулы:

1. Педагогтер жаңа оқу жылына қажетті құжаттарды белгіленген талаптарға сәйкес рәсімдесін.
2. Топтар мен оқу ортасын жаңа оқу жылына дайындау жұмыстары аяқталсын.
3. Әдістемелік құжаттар жүйеленіп, уақытылы толықтырылсын.
4. Ата-аналармен ынтымақтастық жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.

Педагогикалық кеңес шешімі:

Педагогикалық кеңесте қаралған барлық мәселелер бойынша тиісті шешімдер қабылданып, 2024–2025 оқу жылына арналған негізгі жұмыс бағыттары, жылдық жұмыс жоспары, ҰІӘ кестелері, топтардың күн тәртібі мен жылдық жұмыс жоспарлары бекітілді.

Педагогтерге жаңа оқу жылында білім беру процесін сапалы ұйымдастыру, педагогикалық құжаттарды талапқа сай жүргізу, тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктерін ескеру және кәсіби шеберлікті үнемі жетілдіру міндеттелді.

Педагогикалық кеңес төрағасы:  **Н.Д. Джубаниязова**

Хатшы: **Ә.О.Сихова**

№2 педагогикалық кеңес хаттамасы

Күні: «30» қараша 2024 жыл
Қатысқандар: 10
Қатыспағандар:
Педагогикалық кеңестің тақырыбы:
«Мектеп жасына дейінгі балалардың ойын әрекетін денсаулық сақтау технологиялары арқылы ұйымдастыру»
Мақсаты:
Мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулығын сақтауға және нығайтуға бағытталған денсаулық сақтау технологияларын оқу-тәрбие процесінде тиімді қолдану, балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру, ойын әрекеті арқылы салауатты өмір салтының бастапқы дағдыларын қалыптастыру және педагогтердің практикалық тәжірибесін жетілдіру.
Міндеттері:
1.мектепке дейінгі ұйым жағдайында қолданылатын денсаулық сақтау технологияларының тиімділігін талдау;
2.балалардың ойын әрекеті барысында қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру жолдарын қарастыру;
3.«Дене шынықтыру жолдарын» ұйымдастырудың тиімді тәсілдерін көрсету;
4.ұйымдастырылған іс-әрекетте дәстүрлі емес құралдарды тиімді және қауіпсіз қолдану жолдарын анықтау;
5.педагогтердің денсаулық сақтау бағытындағы тәжірибесін жетілдіру.
Күн тәртібі:
1. «Мектепке дейінгі ұйымында қолданылатын денсаулық сақтау технологияларының тиімділігі» тақырыбындағы баяндама.
2. «Дене шынықтыру жолдары» тақырыбында практикалық жұмыс.
3. «Ұйымдастырылған іс-әрекетінде дәстүрлі емес құралдарды қолдану» тақырыбында тәжірибе алмасу.
4. Ағымдағы мәселелер.

Бірінші мәселе
«Мектепке дейінгі ұйымында қолданылатын денсаулық сақтау технологияларының тиімділігі»
Тыңдалды:
Бірінші мәселе бойынша Г.М.Дюсенов сөз сөйлеп, мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулығын сақтау мен нығайтудың маңыздылығына тоқталды.
Баяндама барысында мектепке дейінгі ұйымның оқу-тәрбие процесінде қолданылатын денсаулық сақтау технологияларының түрлері мен оларды ұйымдастыру жолдары таныстырылды.
Балалардың денсаулығын сақтау мақсатында қимылды ойындар, сергіту сәттері, тыныс алу жаттығулары, саусақ жаттығулары, көзге арналған жаттығулар, шынықтыру элементтері, релаксациялық жаттығулар және қимыл белсенділігін арттыруға бағытталған басқа да әдістерді қолдану жолдары қарастырылды.
Денсаулық сақтау технологияларын баланың жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес, жүйелі әрі қауіпсіз қолдану қажеттігі атап өтілді.
Сөз сөйледі:

Әдіскер Б.К.Нысанова педагогтерге денсаулық сақтау технологияларын тек дене шынықтыру іс-әрекетінде ғана емес, күн тәртібінің басқа да кезеңдерінде тиімді қолдану қажеттігін айтты.
Тәрбиеші А.Б.Абдрешова өз тәжірибесінде қимылды ойындар мен сергіту жаттығуларын қолданудың балалардың белсенділігіне оң әсер ететінін атап өтті.

Екінші мәселе
«Дене шынықтыру жолдары»
Тыңдалды:
Екінші мәселе бойынша Г.М.Дюсенов «Дене шынықтыру жолдары» тақырыбында практикалық жұмыс көрсетті.
Практикалық жұмыс барысында балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыруға, тепе-теңдікті сақтауға, қозғалыс үйлесімділігін дамытуға және дене белсенділігін қалыптастыруға бағытталған жаттығуларды ұйымдастыру жолдары көрсетілді.
«Дене шынықтыру жолдарын» ұйымдастыру кезінде қолданылатын құралдардың қауіпсіздігіне, тазалығына және балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігіне назар аударылды.
Сөз сөйледі:
Дене шынықтыру нұсқаушысы Г.М.Дюсенов «Дене шынықтыру жолдарын» қимылды ойындармен және дене жаттығуларымен байланыстыра ұйымдастыру балалардың қозғалыс белсенділігін арттыруға мүмкіндік беретінін атап өтті.
Тәрбиеші Р.Б. Доскалиева «Дене шынықтыру жолдарын» топтағы күн тәртібінің тиісті кезеңдерінде қолдану бойынша өз ұсынысын білдірді.

Үшінші мәселе
«Ұйымдастырылған іс-әрекетінде дәстүрлі емес құралдарды қолдану»
Тыңдалды:
Үшінші мәселе бойынша әдіскер Б.К. Нысанова ұйымдастырылған іс-әрекетте дәстүрлі емес құралдарды қолдану жолдары туралы ақпарат берді.
Педагог балалардың қызығушылығын арттыру, қимыл белсенділігін дамыту және оқу әрекетіне белсенді қатысуын қамтамасыз ету мақсатында қауіпсіз әрі қолжетімді құралдарды педагогикалық мақсатта тиімді пайдаланудың маңыздылығына тоқталды.
Дәстүрлі емес құралдарды таңдауда олардың баланың жасына сәйкестігі, қауіпсіздігі, тазалығы және қолдану мақсаты ескерілуі қажеттігі айтылды.
Сөз сөйледі:
Тәрбиеші А.Е. Бектасова ұйымдастырылған іс-әрекетте дәстүрлі емес құралдарды қолдану балалардың қызығушылығын арттырып, тапсырмаларды орындауға белсенді қатысуына мүмкіндік беретінін атап өтті.
Музыка жетекшісі Г.Р Титеева қимылды ойындар мен музыкалық-ырғақты жаттығулар кезінде қарапайым әрі қауіпсіз құралдарды қолданудың тиімділігі туралы өз тәжірибесімен бөлісті.

Төртінші мәселе
Әр түрлі мәселелер
Педагогтердің күнделікті оқу-тәрбие процесінде денсаулық сақтау технологияларын жүйелі қолдануы, балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру, қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасын қалыптастыру, сондай-ақ ата-аналармен денсаулық сақтау бағытында түсіндіру жұмыстарын жүргізу мәселелері талқыланды.
Педагогтер тарапынан ұсыныстар тыңдалып, оқу-тәрбие процесінде денсаулық сақтау бағытындағы жұмыстарды жетілдіру қажеттігі айтылды.

Педагогикалық кеңестің қаулысы

Педагогикалық кеңесте қаралған мәселелерді талқылай келе, мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулығын сақтау, нығайту және қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру мақсатында:

Қаулы етті:

1. Мектепке дейінгі ұйымның оқу-тәрбие процесінде денсаулық сақтау технологияларын балалардың жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес жүйелі түрде қолдану қамтамасыз етілсін.
2. Балалардың ойын әрекеті барысында қимылды ойындар, сергіту жаттығулары, тыныс алу жаттығулары, саусақ жаттығулары және басқа да денсаулық сақтау технологияларын тиімді пайдалану ұйымдастырылсын.
3. «Дене шынықтыру жолдары» балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру, тепе-теңдік пен қозғалыс үйлесімділігін дамыту мақсатында оқу-тәрбие процесіне енгізілсін және жүйелі қолданылсын.
4. Ұйымдастырылған іс-әрекет барысында балалардың қызығушылығы мен белсенділігін арттыру мақсатында қауіпсіз дәстүрлі емес құралдарды педагогикалық мақсатқа сай қолдану қамтамасыз етілсін.
5. Қолданылатын құралдардың балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігіне, қауіпсіздігіне және тазалығына тұрақты бақылау жүргізілсін.
6. Педагогтердің денсаулық сақтау технологияларын қолдану бойынша тиімді тәжірибелері жинақталып, әдістемелік қор толықтырылсын.
7. Педагогтер арасында денсаулық сақтау технологияларын қолдану бойынша тәжірибе алмасу жұмыстары ұйымдастырылсын.
8. Ата-аналарға балалардың денсаулығын сақтау, қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру және салауатты өмір салтының маңыздылығы бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

Педагогикалық кеңес төрағасы: **Н.Д. Джубаниязова**

Хатшы: **Ә.О.Сихова**

№3 педагогикалық кеңес хаттамасы

Күні: «29» қаңтар 2025 жыл

Қатысқандар: 10
Қатыспағандар:0

Педагогикалық кеңестің тақырыбы:
«Балалардың жас ерекшелігіне қарай бейнелеу өнері түрлерін қолданудың әдіс-тәсілдері»
Мақсаты:
Мектеп жасына дейінгі балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, бейнелеу өнері түрлерін тиімді қолдану арқылы олардың шығармашылық қабілеттерін, эстетикалық талғамын, қиялын және көркемдік-шығармашылық белсенділігін дамыту.
Міндеттері:
1.Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес бейнелеу өнері түрлерін қолданудың тиімді әдіс-тәсілдерін анықтау;
2.Бейнелеу іс-әрекеті арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдарын қарастыру;
3.Сурет салудың дәстүрлі және дәстүрден тыс әдістерін тиімді қолдану жолдарын көрсету;
4.Балалардың бейнелеу өнеріне қызығушылығын арттыру;
5.Педагогтердің бейнелеу іс-әрекетін ұйымдастырудағы кәсіби шеберлігін жетілдіру.
Күн тәртібі:
1. «Бейнелеу өнерін оқытуда балалардың шығармашылық қабілетін қалыптастыру» тақырыбындағы баяндама.
2. «Мектеп жасына дейінгі балаларды сурет салуға әр түрлі әдістерді қолдану арқылы бейнелеу өнеріне баулу әдісі» тақырыбындағы тәжірибелік жұмыс.
3. Балалардың жас ерекшеліктеріне қарай бейнелеу өнері түрлерін қолданудың әдіс-тәсілдерін талқылау.
4. Ағымдағы мәселелер.

Бірінші мәселе
«Бейнелеу өнері пәнін оқытуда балалардың шығармашылық қабілетін қалыптастыру»
Тыңдалды:
Бірінші мәселе бойынша Р.Б.Доскалиева сөз сөйлеп, мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілетін дамытудағы бейнелеу өнерінің маңызына тоқталды.
Баяндама барысында бейнелеу іс-әрекетінің баланың қиялын, ойлау қабілетін, эстетикалық талғамын, ұсақ қол моторикасын және шығармашылық белсенділігін дамытудағы мүмкіндіктері қарастырылды.
Балалардың шығармашылық қабілетін қалыптастыру барысында олардың жас ерекшеліктерін, жеке қызығушылықтарын және бейнелеу мүмкіндіктерін ескеру қажеттігі атап өтілді.
Педагогтің негізгі міндеті – балаға дайын үлгіні қайталатумен шектелмей, оның өз ойын, қиялын және шығармашылық идеясын еркін жеткізуіне жағдай жасау екендігі айтылды.

Балалардың сурет салуға қызығушылығын арттыру мақсатында түрлі түсті қарындаштар, бояулар, қылқаламдар, гуашь, саусақпен сурет салу және басқа да бейнелеу құралдарын мақсатты пайдалану жолдары таныстырылды.

Сөз сөйледі:

Әдіскер Б.К.Нысанова балалардың шығармашылық қабілетін дамытуда педагогтің қолдаушы және бағыттаушы рөл атқаратынын атап өтті. Бейнелеу іс-әрекеті барысында баланың өз бетінше жұмыс жасауына, таңдау жасауына және шығармашылық шешім қабылдауына мүмкіндік беру қажеттігін айтты.

Тәрбиеші Р.Б.Доскалиева бейнелеу іс-әрекеті кезінде балалардың жұмыстарын бағалауда олардың жеке жетістіктеріне назар аудару және әр баланың шығармашылық жұмысын қолдау қажеттігін атап өтті.

Екінші мәселе

«Мектеп жасына дейінгі балаларды сурет салуға әр түрлі әдістерді қолдану арқылы бейнелеу өнеріне баулу әдісі»

Тыңдалды:

Екінші мәселе бойынша А.Б.Абдрешова мектеп жасына дейінгі балаларды сурет салуға үйретуде әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдану бойынша тәжірибелік жұмыс жүргізді.

Практикалық бөлімде балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес дәстүрлі және дәстүрден тыс сурет салу әдістерін қолдану жолдары көрсетілді.

Атап айтқанда, қылқаламмен, саусақпен, мақта таяқшасымен, губкамен, жіппен, алақанмен және басқа да қауіпсіз құралдар арқылы сурет салу тәсілдерін ұйымдастыру ерекшеліктері қарастырылды.

Дәстүрден тыс әдістерді қолдану балалардың бейнелеу іс-әрекетіне қызығушылығын арттырып, қиялын, шығармашылық белсенділігін және өз ойын бейнелі түрде жеткізу қабілетін дамытуға мүмкіндік беретіні атап өтілді.

Практикалық жұмыс барысында қолданылатын құралдардың балалардың жас ерекшелігіне сәйкес болуы және қауіпсіздік талаптарының сақталуы қажеттігі ескертілді.

Сөз сөйледі:

Тәрбиеші А.Е.Бектасова дәстүрден тыс сурет салу әдістерін қолдану балалардың бейнелеу іс-әрекетіне қызығушылығын арттыратынын және шығармашылықпен жұмыс жасауға ынталандыратынын атап өтті.

Үшінші мәселе

Балалардың жас ерекшелігіне қарай бейнелеу өнері түрлерін қолданудың әдіс-тәсілдері

Тыңдалды:

Үшінші мәселе бойынша әдіскер Б.К.Нысанова балалардың жас ерекшелігіне қарай бейнелеу өнері түрлері мен әдіс-тәсілдерін дұрыс таңдаудың маңыздылығына тоқталды.

Балалардың бейнелеу қабілеті жас ерекшелігіне қарай біртіндеп қалыптасатыны, сондықтан тапсырмалардың күрделілігін баланың даму деңгейіне сәйкес таңдау қажеттігі айтылды.

Кіші жастағы балаларға қарапайым сызықтар, нүктелер, дақтар, пішіндер арқылы сурет салу, бояу және саусақпен бейнелеу әдістерін қолдану ұсынылды.

Ересек топтарда заттарды, табиғат көріністерін, қарапайым сюжеттік композицияларды бейнелеу, түстерді ажырату және үйлестіру, өз шығармашылық ойын жеткізуге бағытталған тапсырмаларды күрделендіре отырып қолдану қажеттігі қарастырылды.

Педагогтерге балалардың шығармашылық жұмыстарын орындау барысында олардың дербестігін қолдау, дайын үлгіні міндетті түрде қайталатпау және шығармашылық ізденісіне мүмкіндік беру ұсынылды.

Сөз сөйледі:
Тәрбиеші А.Б.Абдрешова әр баланың шығармашылық мүмкіндігін ескере отырып тапсырмаларды саралап беру қажеттігін айтты.
Әдіскер Б.К.Нысанова бейнелеу іс-әрекетін ұйымдастыру барысында балалардың шығармашылық бастамасын қолдау және нәтижесін бағалауда баланың жеке жетістігіне назар аудару маңызды екенін атап өтті.

Төртінші мәселе
Әр түрлі мәселелер

Педагогтердің бейнелеу іс-әрекетіне қажетті құралдармен қамтамасыз етілуі, топтарда шығармашылық ортаны ұйымдастыру, балалардың шығармашылық жұмыстарын көрмеге шығару, ата-аналармен бірлескен шығармашылық жұмыстар жүргізу мәселелері қарастырылды.
Педагогтер тарапынан ұсыныстар тыңдалып, балалардың бейнелеу өнеріне қызығушылығын арттыру және шығармашылық қабілеттерін дамыту бағытындағы жұмысты жүйелі түрде жалғастыру қажеттігі айтылды.

Педагогикалық кеңестің қаулысы:
Педагогикалық кеңесте қаралған мәселелерді талқылай келе, мектеп жасына дейінгі балалардың бейнелеу өнеріне қызығушылығын арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту және жас ерекшеліктеріне сәйкес бейнелеу іс-әрекетін ұйымдастыру мақсатында:

Қаулы етті:
1. Балалардың жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес бейнелеу өнерінің түрлері мен әдіс-тәсілдері оқу-тәрбие процесінде жүйелі қолданылсын.
2. Балалардың шығармашылық қабілетін, қиялын, эстетикалық талғамын және көркемдік белсенділігін дамытуға бағытталған бейнелеу іс-әрекеттері ұйымдастырылсын.
3. Сурет салуда дәстүрлі және дәстүрден тыс әдіс-тәсілдер тиімді қолданылып, балалардың өздігінен шығармашылық жұмыс жасауына жағдай жасалсын.
4. Бейнелеу іс-әрекетін ұйымдастыру барысында балалардың жас ерекшелігі, жеке мүмкіндіктері және шығармашылық қабілеттері ескерілсін.
5. Педагогтердің бейнелеу өнерін ұйымдастыру бойынша тиімді тәжірибелері жинақталып, педагогтер арасында тәжірибе алмасу жұмыстары жүргізілсін.
6. Осы қаулының орындалуын бақылау әдіскер Б.К.Нысановаға жүктелсін.

Педагогикалық кеңес төрағасы: **Н.Д. Джубаниязова**

Хатшы: **Ә.О.Сихова**

№4 педагогикалық кеңес хаттамасы

Күні: «27» наурыз 2025 жыл
Қатысқандар: 10
Қатыспағандар: 0

Педагогикалық кеңестің тақырыбы: «Бала тәрбиесіндегі заманауи ойындар»
Мақсаты:
Мектеп жасына дейінгі балалардың тәрбие мен білім алу процесінде заманауи ойындар мен ойын құралдарын тиімді қолдану арқылы олардың ойлау, есте сақтау, қабылдау, зейін қою және шығармашылық қабілеттерін дамыту.
Міндеттері:
1.заманауи ойындардың мектеп жасына дейінгі балалардың дамуындағы маңызын анықтау;
2.ҰІӘ барысында ойын элементтерін тиімді қолдану жолдарын көрсету;
3.балалардың ойлау, есте сақтау, қабылдау, зейін және шығармашылық қабілеттерін дамыту;
4.заманауи ойын түрлерімен балаларды таныстыру және оларды ойын ережесін сақтап ойнауға үйрету;
5.педагогтердің ойын технологияларын қолдану тәжірибесін жетілдіру.
Күн тәртібі:
1. «Заманауи ойындардың бала тәрбиесі мен білім берудегі маңызы» тақырыбындағы баяндама.
2. «Ұйымдастырылған іс-әрекетте заманауи ойындарды тиімді қолдану жолдары» тақырыбында тәжірибе алмасу.
3. «Заманауи ойындар арқылы балалардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту» тақырыбында практикалық жұмыс.
4. Ағымдағы мәселелер.

Бірінші мәселе
«Заманауи ойындардың бала тәрбиесі мен білім берудегі маңызы»
Тыңдалды:
Бірінші мәселе бойынша Н.Д.Джубаниязова сөз сөйлеп, мектеп жасына дейінгі балалардың тәрбиесі мен білім алуында ойын әрекетінің маңызына тоқталды.
Ойын – баланың қоршаған ортаны тануына, қарым-қатынас жасауына, өз ойын жеткізуіне және түрлі жағдайларда шешім қабылдауына мүмкіндік беретін негізгі әрекеттердің бірі екендігі атап өтілді.
Баяндама барысында заманауи ойындардың балалардың ойлау, есте сақтау, қабылдау, зейін қою, тілдік және шығармашылық қабілеттерін дамытудағы мүмкіндіктері қарастырылды.
Педагогтерге ойындарды баланың жас ерекшелігіне, оқу мақсатына және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес таңдап қолдану қажеттігі айтылды.
Сөз сөйледі:
Әдіскер Б.К.Нысанова заманауи ойындарды баланың қызығушылығын арттыру мақсатында ғана емес, нақты білімдік және тәрбиелік міндеттерді шешу үшін тиімді пайдалану қажеттігін атап өтті.
Тәрбиеші Р.А.Рахметова ойын барысында балалардың өзара қарым-қатынасын, белсенділігін және дербестігін дамытуға көңіл бөлу қажеттігін айтты.

Екінші мәселе
«Ұйымдастырылған іс-әрекетте заманауи ойындарды тиімді қолдану жолдары»
Тыңдалды:
Екінші мәселе бойынша А.Е.Бектасова ҰІӘ барысында қолдануға болатын заманауи ойын түрлерін таныстырды.
Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес үстел үсті ойындары, логикалық ойындар, танымдық ойындар, құрастыру ойындары, сәйкестендіру және топтастыру ойындары, қимылды ойындар, сөздік ойындар және шығармашылық ойындарды қолдану жолдары көрсетілді.
Ойындарды ҰІӘ-нің мақсатына сәйкес дұрыс таңдау, ойын ережесін балаларға түсінікті түрде жеткізу және барлық баланың ойынға белсенді қатысуына жағдай жасау қажеттігі айтылды.
Сөз сөйледі:
Тәрбиеші Р.Б.Доскалиева өз тәжірибесінде ойын элементтерін ҰІӘ барысында қолдану балалардың қызығушылығын арттырып, тапсырмаларды орындауға белсенді қатысуына ықпал ететінін атап өтті.
Үшінші мәселе
«Заманауи ойындар арқылы балалардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту»
Тыңдалды:
Үшінші мәселе бойынша А.Б.Абдрешова практикалық жұмыс жүргізіп, заманауи ойындарды қолдану арқылы балалардың ойлау, есте сақтау, салыстыру, топтастыру, қабылдау және шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдарын көрсетті.
Практикалық жұмыс барысында балаларға ойынның мақсаты мен ережесін түсіндіру, ойын барысын ұйымдастыру және балалардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету тәсілдері көрсетілді.
Заманауи ойындарды жүйелі қолдану балалардың танымдық белсенділігін арттырумен қатар, өздігінен шешім қабылдауына және шығармашылықпен жұмыс жасауына мүмкіндік беретіні айтылды.
Сөз сөйледі:
Педагог С.Е.Туйгожина ойындарды балалардың жас ерекшелігіне қарай күрделендіру, қарапайым тапсырмалардан біртіндеп күрделі тапсырмаларға көшу қажеттігін атап өтті.

Төртінші мәселе
Әр түрлі мәселелер
Педагогтердің ҰІӘ барысында ойын элементтерін қолдануы, топтарда ойын ортасын ұйымдастыру, заманауи ойын құралдарын толықтыру және балаларды ойын ережесін сақтауға үйрету мәселелері қарастырылды.
Педагогтер тарапынан ұсыныстар тыңдалып, заманауи ойындарды оқу-тәрбие процесіне жүйелі енгізу қажеттігі айтылды.

Педагогикалық кеңестің қаулысы
Педагогикалық кеңесте қаралған мәселелерді талқылай келе, балалардың танымдық, шығармашылық және әлеуметтік дағдыларын дамыту мақсатында:
Қаулы етті:
1. Мектеп жасына дейінгі балалардың жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес заманауи ойындар мен ойын құралдары оқу-тәрбие процесінде жүйелі қолданылсын.

2. Ұйымдастырылған іс-әрекет барысында ойын элементтері оқу мақсаттарына сәйкес енгізіліп, балалардың ойлау, есте сақтау, қабылдау және зейін қою қабілеттерін дамытуға бағытталсын.
3. Логикалық, танымдық, қимылды, сөздік, шығармашылық, құрастыру және үстел үсті ойындарын балалардың жас ерекшелігіне сәйкес тиімді пайдалану қамтамасыз етілсін.
4. Балаларды ойын ережесін түсінуге, сақтауға, өзара қарым-қатынас жасауға және ойын барысында дербес әрекет етуге үйрету жұмыстары жүргізілсін.
5. Педагогтердің заманауи ойындарды қолдану бойынша тиімді тәжірибелері жинақталып, педагогтер арасында тәжірибе алмасу ұйымдастырылсын.
6. Осы қаулының орындалуын бақылау әдіскер Б.К.Нысановаға жүктелсін.

Педагогикалық кеңес төрағасы: **Н.Д. Джубаниязова**

Хатшы: **Ә.О.Сихова**

№5 педагогикалық кеңес хаттамасы

Күні: «30» мамыр 2025 жыл
Қатысқандар: 10
Қатыспағандар: 0

Педагогикалық кеңестің тақырыбы:
«2024–2025 оқу жылындағы тәрбие мен оқыту жұмыстарының қорытындысы және жазғы кезеңдегі жұмысты ұйымдастыру»
Мақсаты:
2024–2025 оқу жылында жүргізілген тәрбие мен оқыту жұмыстарының нәтижесін қорытындылау, жылдық жұмыс жоспарының орындалуын талдау, педагогтердің атқарған жұмыстарын саралау және жазғы сауықтыру кезеңіндегі тәрбие, сауықтыру жұмыстарын тиімді ұйымдастыру бағыттарын айқындау.
Міндеттері:
1.2024–2025 оқу жылында атқарылған жұмыстарға қорытынды талдау жасау;
2.Жылдық жоспардың орындалу нәтижелерін қарастыру;
3.Педагогтердің оқу-тәрбие процесінде атқарған жұмыстары мен нәтижелерін талдау;
4.Тәрбиеленушілердің оқу жылы ішіндегі жетістіктері мен даму нәтижелерін саралау;
5.Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспарын қарастыру және бекіту;
6.Жаз мезгілінде балалардың қауіпсіздігін, денсаулығын сақтау және бос уақытын тиімді ұйымдастыру шараларын белгілеу.
Күн тәртібі

1. 2024–2025 оқу жылында жүргізілген тәрбие мен оқыту жұмыстарының қорытынды талдауы.
2. 2024–2025 оқу жылындағы жылдық жұмыс жоспарының орындалу нәтижелері.
3. Педагогтердің жыл бойы жүргізген әдістемелік және оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындысы.
4. 2025 жылғы жазғы сауықтыру кезеңінде жүргізілетін жұмыстарды ұйымдастыру және жұмыс жоспарын бекіту.
5. Ағымдағы мәселелер.

Бірінші мәселе
2024–2025 оқу жылында жүргізілген тәрбие мен оқыту жұмыстарының қорытынды талдауы
Тыңдалды:
Бірінші мәселе бойынша меңгеруші Н.Д. Джубаниязова 2024–2025 оқу жылында бөбекжайда жүргізілген тәрбие мен оқыту жұмыстарына қорытынды талдау жасады.
Оқу жылының басында белгіленген негізгі міндеттерге сәйкес педагогикалық процесс ұйымдастырылып, тәрбиеленушілердің жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып оқу-тәрбие жұмыстары жүргізілгені атап өтілді.
Жыл бойы ұйымдастырылған іс-әрекеттер, тәрбие жұмыстары, мерекелік және танымдық іс-шаралар, денсаулық сақтау, қауіпсіздік, шығармашылық және қимыл-қозғалыс бағытындағы жұмыстардың орындалу барысы талданды.
Педагогтердің балалардың танымдық, коммуникативтік, шығармашылық және әлеуметтік дағдыларын дамытуға бағытталған жұмыстар жүргізгені атап өтілді.
Сөз сөйледі:

Әдіскер Б.К.Нысанова оқу жылы барысында әдістемелік жұмыстардың орындалуына тоқталып, педагогтердің ашық ҰІӘ, педагогикалық кеңестерге, семинарлар мен тәжірибе алмасу жұмыстарына қатысқанын атап өтті.
Тәрбиеші Р.Б.Доскалиева оқу жылы барысында топта жүргізілген тәрбие жұмыстары, балалардың шығармашылық белсенділігі және ата-аналармен жүргізілген жұмыстар туралы қысқаша есеп берді.

Екінші мәселе

2024–2025 оқу жылындағы жылдық жұмыс жоспарының орындалу нәтижелері

Тыңдалды:

Әдіскер Б.К.Нысанова 2024–2025 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарының орындалуына талдау жасады.
Жоспарда қарастырылған педагогикалық кеңестер, әдістемелік жұмыстар, педагогтермен жеке және топтық жұмыстар, тәрбиеленушілермен жүргізілген іс-шаралар, ата-аналармен жұмыс және бақылау-талдау жұмыстарының орындалу нәтижелері қарастырылды.
Жылдық жоспар бойынша жоспарланған негізгі жұмыстардың орындалу барысы талданып, орындалған жұмыстар бойынша қорытынды жасалды.
Сонымен қатар келесі оқу жылында жетілдіруді қажет ететін бағыттар анықталды.

Сөз сөйледі:

Меңгеруші Н.Д.Джубаниязова педагогтердің жылдық жоспарды орындауға жауапкершілікпен қатысқанын атап өтіп, алдағы оқу жылында жұмыстың жүйелілігі мен сапасына назар аудару қажеттігін айтты.

Үшінші мәселе

Педагогтердің жыл бойы жүргізген әдістемелік және оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындысы

Тыңдалды:

Әдіскер Б.К.Нысанова педагогтердің оқу жылы бойындағы әдістемелік жұмыстарына қорытынды жасады.
Педагогтердің өз білімдерін жетілдіру, тәжірибе алмасу, ұйымдастырылған іс-әрекеттерді түрлендіру, заманауи әдіс-тәсілдерді қолдану және балалардың жеке қабілеттерін дамыту бағытындағы жұмыстары атап өтілді.
Педагогтерге келесі оқу жылында балалардың шығармашылық, танымдық және коммуникативтік белсенділігін арттыруға бағытталған әдіс-тәсілдерді одан әрі жетілдіру ұсынылды.

Сөз сөйледі:

Педагог Г.М. Дюсенов оқу жылы барысында атқарған жұмыстарына тоқталып, тиімді болған әдіс-тәсілдерімен бөлісті және келесі оқу жылына арналған ұсыныстарын білдірді.

Төртінші мәселе

2025 жылғы жазғы сауықтыру кезеңінде жүргізілетін жұмыстарды ұйымдастыру

Тыңдалды:

Меңгеруші Н.Б.Джубаниязова 2025 жылғы жазғы кезеңде тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайтуға, қимыл белсенділігін арттыруға, таза ауада уақытын тиімді өткізуге және қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған жұмыстарды ұйымдастыру туралы ақпарат берді.
Жазғы кезеңде күн тәртібін сақтау, таза ауадағы ойындар мен серуендерді ұйымдастыру, қимылды ойындар, шығармашылық жұмыстар, танымдық іс-шаралар және сауықтыру шараларын өткізу жоспарланғаны айтылды.

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ыстық ауа райында сақтық шараларын сақтау, серуендеу және ойын алаңдарында қауіпсіздік талаптарын орындау қажеттігі атап өтілді. 2025 жылғы жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспары қаралып, педагогтердің ұсыныстары тыңдалды.

Сөз сөйледі:

Әдіскер Б.К.Нысанова жазғы кезеңдегі іс-шараларды балалардың жас ерекшелігіне сәйкес жоспарлау, күнделікті қимыл белсенділігін қамтамасыз ету және қауіпсіздік талаптарын сақтау қажеттігін атап өтті.

Бесінші мәселе

Ағымдағы мәселелер

Педагогтердің оқу жылын қорытындылау бойынша құжаттарын ретке келтіру, топ бөлмелерін жаңа оқу жылына дайындау, оқу-әдістемелік материалдарды жинақтау және жазғы кезеңге қажетті құралдарды дайындау мәселелері қарастырылды.

Педагогикалық кеңестің қаулысы

Педагогикалық кеңесте 2024–2025 оқу жылында атқарылған тәрбие мен оқыту жұмыстарының қорытындысы талданып, жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмыстарды ұйымдастыру мәселелері қарастырылды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. 2024–2025 оқу жылында атқарылған тәрбие мен оқыту жұмыстарының қорытындысы **қанағаттанарлық деп танылсын**, анықталған нәтижелер мен ұсыныстар келесі оқу жылын жоспарлау барысында ескерілсін.
2. 2024–2025 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарының орындалу нәтижелері назарға алынып, келесі оқу жылында жетілдіруді қажет ететін бағыттар бойынша жұмыстар жалғастырылсын.
3. Педагогтер оқу жылын қорытындылау бойынша қажетті құжаттарын ретке келтіріп, тиімді педагогикалық тәжірибелерін жинақтасын.
4. 2025 жылғы жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспары бекітіліп, балалардың денсаулығын нығайтуға, қимыл белсенділігін арттыруға және бос уақытын тиімді ұйымдастыруға бағытталған жұмыстар жүйелі жүргізілсін.
5. Жазғы кезеңде тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, күн тәртібін сақтау, серуендеу мен ойындарды ұйымдастыру кезінде қауіпсіздік талаптарын сақтау **қамтамасыз етілсін**.
6. Осы қаулының орындалуын бақылау меңгеруші Н.Д. Джубаниязоваға және әдіскер
7. Б.К Нысановаға жүктелсін.

Орындалу мерзімі: 2025 жылғы жазғы сауықтыру кезеңі және келесі оқу жылына дайындық барысында.

Педагогикалық кеңес төрағасы:  **Н.Д. Джубаниязова**

Хатшы: **Ә.О.Сихова**